

Теңіз және өзен (сағалық) сауда портының капитаны туралы уақытша ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің 1998 жылғы 10 шілде N 146 бұйрығымен бекітілген. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 3 тамызда тіркелді. Тіркеу N 560. Күші жойылды - Көлік және коммуникациялар министрінің 2004 жылғы 10 ақпандағы N 55-І (V042729) бұйрығымен.

Теңіз және өзен (сағалық) сауда портының капитаны туралы уақытша ережені халықаралық нормалар мен ережелерге сәйкес келтіру мақсатында,
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Теңіз және өзен (сағалық) сауда портының капитаны туралы уақытша ереже бекітілсін (қоса берілген).

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 1997 ж. 30.06. N 500 бұйрығы күшін жойды деп танылсын.

Министр

Теңіз және өзен (сағалық) сауда портының капитаны туралы

УАҚЫТША ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Теңіз және өзен (саға) сауда портының капитаны - саудамен теңізде жүзуді және жүзу қауіпсіздігі мен порттағы тәртіпті қамтамасыз ету бойынша Қазақстан Республикасының заңдарын, ережелері мен Халықаралық шарттарын сақтауда мемлекеттік бақылау өкілеттіктері мен міндеттері дербес жүктелген порт басшылығының құрылымындағы ерекше лауазымды тұлға.

2. Порт капитаны порттың құрылымдық бөлімшесі және оның шаруашылық қамтуында болып табылатын Портты мемлекеттік бақылау инспекциясын (ПМБИ) басқарады.

Мемлекеттік бақылау инспекциясы өзіне мыналарды қосып алады: инспекция бөлімін, лоцмандық қызметті, кеме қозғалысын басқару қызметі (КҚБҚ), дипломдық паспорттық бюроны.

Теңізде жүзу қауіпсіздігін, теңіз кемелерінің командалық және қатардағы құрамдарының тұлғаларын дипломдау, теңіз және өзен апаттарын зерттеуді бақылауға қатысты мәселелерде капитан порты мен ПМБИ қызметкерлері Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Кеме

қатынасы және теңізде жүзу қауіпсіздігі Бас инспекциясының нұсқауларын
б а с ш ы л ы қ қ а а л а д ы .

3. ПМБИ қызметкерлерінің штат кестесі, нысаны, жалақы жүйесі мен мөлшері Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес порт бастығымен белгіленеді.

ПМБИ мамандарының саны жүзу қауіпсіздігі мен порт алаңында тәртіпті тәулік бойы бақылаудың орындалуын қамтамасыз етуі тиіс.

4. Теңіз және өзен (сағалық) сауда порты капитанының теңізде жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өкімі барлық кәсіпорындар, ұйымдар, заңды және жеке тұлғалар үшін, олардың ведомстволық қатыстылығы мен меншіктік нысанына қарамастан, міндетті. Порт капитанының осы өкімдері, сондай-ақ теңіз кемелерінің командалық және қатардағы құрамының тұлғаларын дипломдау мәселелері бойынша оның шешімі Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Су көлігі басқармасының бастығымен немесе Кеме қатынасы және теңізде жүзу қауіпсіздігі Бас инспекторымен күшін ж о ю ы м ү м к і н .

5. Теңіз және өзен (сағалық) сауда портының капитандары Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Кеме қатынасы және теңізде жүзу қауіпсіздігі Бас инспекциясының келісімімен порт бастығының бұйрығымен қызметке тағайындалады және босатылады.

6. Теңіз және өзен (сағалық) сауда портының капитанының қызметіне жоғарғы немесе орта білімі, шағын жүзу капитанынан төмен емес атағы бар және кеме капитаны қызметіндегі еңбек өтілі кемінде үш жыл болған тұлғалар т а ғ а й ы н д а л а д ы .

Порт капитанының орынбасарының қызметіне жоғарғы және орта білімі және шағын жүзу капитанынан төмен емес атағы бар тұлғалар тағайындалады.

7. Ауысылым бастығының, аға капитанның және инспекция бөлімі капитанының қызметіне жоғарғы немесе орта арнаулы білімі және шағын жүзулер капитанынан төмен емес атағы бар тұлғалар тағайындалады.

Аға инспектор және инспекция бөлімінің инспекторының қызметіне орта арнаулы білімі және шағын жүзулер штурманынан кем емес атағы бар тұлғалар т а ғ а й ы н д а л а д ы .

8. Портты мемлекеттік бақылау инспекциясының қызметкерлері нысандық киіммен жүру тәртібін сақтауы тиіс.

9. Порт капитанына осы Ережеде анықталған міндеттерден басқа міндеттер жүктелмеуі тиіс .

10. Порт капитанына тәртіп бұзу айыптарын салу, оны сыйақысынан айыру немесе олардың мөлшерін азайту тек Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Кеме қатынасы және теңізде жүзу қауіпсіздігі Бас

инспекциясының келісімімен жүргізілуі мүмкін.

11. Порт капитаны өзінің қызмет дәрежесі бойынша порт басшысының бірінші орынбасары болып табылады және елтаңбалық мөрі мен вымпелі болуы тиіс.

12. Бақылау міндеттерін және теңізде жүзу қауіпсіздігін бақылауды тікелей жүзеге асыратын ПМБИ қызметкерлерінде қызметі көрсетілген мөртаңба болады.

Порт капитаны және ПМБИ қызметкерлері өздерінің қызметтерін орындау кезінде көлікпен қамтамасыз етілуі тиіс, оны порт басшылығы жасайды.

13. Теңіз және өзен (сағалық) сауда портының капитаны туралы уақытша ережелерінің күші 2001 жылға дейін ұзартылсын.

2. Теңіз және өзен (сағалық) сауда порты капитандарының құқықтары мен міндеттері

14. Порт капитанына мынадай міндеттер жүктеледі:

1) қолданылып жүрген заңдардың, саудалық теңізде жүзу бойынша Халықаралық теңіз конвенцияларының және халықаралық шарттардың, теңізде жүзу қауіпсіздігіне қатысты қаулылардың, өкімдердің, ережелердің сақталуын, алдын алуға және бұзуларды тоқтатуға шаралар қабылдауды бақылау;

2) жүзу қауіпсіздігі мен порт алаңында тәртіпті тәулік бойы бақылау;

3) кеменің теңізге шығу әзірлігін және теңіз және өзен (сағалық) сауда порттарының капитандарымен теңізге кемелерді шығару туралы Нұсқаулыққа сәйкес теңізде жүзуге жарамды күйде шығуға рұқсат беруді тексеру;

4) кемелердің портқа келуі мен шығуын ресімдеу;

5) кеме құжаттарын, сондай-ақ кемелердің командалық және қатардағы құрамының дипломдарын, біліктілік куәліктерін дипломдарының айғақтары мен рұқсат жеңілдіктерін тексеру;

6) кемелерді мемлекеттік кеме реестріне енгізу, кеме кітабына тіркеу және кеме құжаттарын беру;

7) кемелердің команда құрамының тұлғаларына атақ беру біліктілік куәліктерін, дипломдарды, дипломдар мен рұқсат жеңілдіктерін растайтын куәліктерді беру;

8) белгіленген тәртіппен, сондай-ақ кеме роліне сәйкес теңізші паспорттарын кемеде тіркеу бойынша беру (ұзарту);

9) кемелерде біліктілік, апат жағдайлары себебін ашу мен есепке алу тәртібі туралы Ережеге сәйкес апаттардың себебін ашу;

10) лоцмандық қызмет жұмыстарын басқару мен ұйымдастыру;

11) порт алаңы шеңберінде, кіру арналары мен фарватерлерде кемелердің қозғалысын реттеу, ПМБИ құрамына кіретін ДХБЖ жедел басқару;

12) портқа кірерде және оның алаңында мұз жарып жол ашуды жедел басқару

;

13) порт алаңында, кірер арналарда және фарватерлерде тиісті тереңдікті, навигациялық қоршау құралдарының жарамдылығын сақтауды бақылау;

14) теңіздің ластануын болдырмау және порт алаңының мұнай өнімдерінен тазалау бойынша, сондай-ақ кеме қатынасына кедергі жасайтын жүзудегі және суға батқан заттардан тазалау жөніндегі Ережелерді кемелердің сақтауын бақылау;

15) тиеу және жүктерді тасымалдау Ережелеріне сәйкес кемелердің тиелуін бақылау;

16) айлақтардың, кеме байлау және оны босату қондырғыларының техникалық күйін бақылау; айлақтардың кемелерді байлауға әзірлігін тексеру;

17) порт алаңында және оған кірерде апатқа ұшыраған адам мен кемелерге көмек көрсету бойынша үдерістерді ұйымдастыру;

18) қауіпті гидрометеорологиялық жайлар жөнінде ескерту алынған кезде кемелердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шаралар жүргізу;

19) портта дабыл қағу қызметін ұйымдастыру;

20) кемелерді барлық навигациялық және гидрометеорологиялық ақпараттармен қамтамасыз ету;

21) дипломдар мен біліктілік куәліктерді беру Ережелеріне сәйкес арнаулы біліктілік комиссияларында төрағалық ету;

22) су астындағы және теңізге батқан мүліктерді көтеру жұмыстарына, сондай-ақ порт алаңында құрылыстық және өзге жұмыстарға рұқсат беру;

23) мұнайдан ластану шығыны үшін азаматтық жауапкершілікті қамтамасыз ету туралы куәлік беру;

24) порт жөніндегі міндетті қаулыларды әзірлеу және өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

25) порттың навигация жабдықтары құралдарын дамыту, ДХБЖ, гидротехникалық құрылыстарды салу, оларды пайдалануға беру туралы жобаларды және болашақтағы жоспарларды қарауға қатысу;

26) порттарда жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы ұйымдастырушылық-техникалық Жоспарлардың орындалуын бақылау;

27) тексерілген кемелерде байқалған кемшіліктерді жалпылау және оларды кеме иелерінің мекен-жайына жіберу.

15. Теңіз және өзен (сағалық) порты капитанының мынадай құқықтары бар:

1) кеменің порттан шығуына мынадай жағдайларда рұқсат беруден бастап:

- кеменің жүзуге жарамсыздығы, оны тиеу, жасақтау, экипажбен жинақтау туралы талаптардың бұзылғандығы және жүзу қауіпсіздігіне немесе адамдар денсаулығына қауіп төндіретін кеменің басқа кемшіліктері болғанда, сондай-ақ

кеме құжаттарына қатысты талаптарды бұзғанда;
- белгіленген алымдар мен айыппұлдарды төлемеу.

Осы тармақшада (қарау, куәландыру бойынша және т.б.) көзделген құқықтарды порт капитанының жүзеге асыруына байланысты шығындар кеме иесіне жүктеледі;

2) апатқа душар болған адамдар мен кемелерді құтқару үшін портта тұрған кемелердің капитандарынан, ведомстволық қатыстылығына қарамастан порт шеңберінде орналасқан барлық ұйымдардан, мекемелерден және кәсіпорындардан, сондай-ақ портта жүрген жеке тұлғалардан жүзу-құтқару және басқа құтқару құралдарын беруді сұрау;

3) теңізде жүзгіш күйін бақылау үшін порттағы барлық кемелерді тексеру;

4) заңдарды, Халықаралық теңіз конвенцияларын, теңізде жүзу қауіпсіздігіне қатысты қаулыларды, ережелерді бұзған тұлғаларды жауапқа тарту туралы кепілдеме бастау;

5) белгіленген тәртіппен әкімшілік айыппұлдар салу;

6) Қазақстан Республикасы кемелер құрамындағы тұлғалардың дипломдары мен біліктілік куәліктеріне бақылау талондарын тесуді белгіленген тәртіппен жүргізу;

7) ПМБИ қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекіту;

8) ПМБИ қызметкерлеріне белгіленген тәртіппен айыптар салу және оларға қатысты көтермелеу шараларын қолдану;

9) оның құзырына кіретін мәселелер бойынша мемлекеттік және өзге органдарда өкілдік ету.

16. Порт капитаны және оның орынбасарлары теңіз атағына сәйкес дипломдарымен кәсіби тәжірибелерін көтеру үшін кемелердің экипаж құрамында рейстерге шығуы мүмкін.

3. Жауапкершілік

17. Порт капитаны Мемлекеттік қадағалау инспекциясының өзіне жүктеген міндеттерін жүзеге асыруы, қызметкерлерді дұрыс таңдауы және орындарына бөлуі, берілген тапсырмаларды дер кезінде және біліктілікпен орындауы, тәртіппен ПМБИ ережелеріне бағынуы үшін жауапкершілік алуға міндеттенеді.